

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «В» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы

III апта (14– 18 желтоқсан 2020 жыл)

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Аманжеева А.Ж

Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»

Тәрбиеші: Абеннова Б.К

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар (үстел үсті, саусак және т.б.)	Ойын-жаттығу: «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Балалар жыл мезгілдері туралы оқығандарын еске түсіріп, пысықтайды	Дид.қ ойын: «Нені қайдан алуға болады?» Мақсаты: Адамға қажетті заттарды тани, талдай білуге, нені қайдан алуға болатынын үйрету, сөздік қорларын байыту.			«Телевизия» сюжетті-рөлді ойын Мақсаты: теледидар қызметкерлерінің рөлдік әрекеттерін бекіту, олардың еңбектері ұжымдық жұмыстың сапасы барлық ұжымға байланысты екенін көрсету. Балаларға бұқаралық ақпарат құралдары туралы, адам өміріндегі теледидардың рөлі туралы ұғымдарын бекіту.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	1. Сауат ашу Тақырыбы: Сүйкімді жануарларым. Қ дыбысы мен әрпі Мақсаты: Сөздегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратып, дұрыс дыбыстау. Суреттер бойынша тапсырмадағы сұрақтарға жауап беріп, әңгіме құрастыру. Жазу жолына Қ әрпінің элементтерін жазу. Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, жақсы тілек тілейді: Балаларға бір-бірінің қолдарынан ұстап тұрып, әсемдікке байланысты тілек айтуларын өтінеді. Мысалы: <i>Айна, сен</i>	1. Математика негіздері: Тақырыбы: Достарыммен ойнаймын. Заттарды жиынға біріктіру. Мақсаты: Заттарды белгілі бір қасиеті бойынша жиынға біріктіру. Жиын элементтерін атау. Мұғалім балалармен олардың сүйікті ойындары туралы әңгімелеседі. Осы ҰОҚ-де олар достарымен тағы да қызықты ойындар ойнайтындары туралы хабарлайды. Педагог сипаттама бойынша жасырылған затты табуды ұсынады. Мысалы: <input type="checkbox"/> Жабайы жануар, орманды мекендейді, үлкен, жүні жалбыраған, балды ұнатады. <input type="checkbox"/> Жабайы жануар, айлакер, қызғылт –сары түсті,			1. Өзін-өзі тану: Тақырыбы: «Туған жерімді сүйемін» Мақсаты: татулық ұғымы туралы түсініктерін кеңейту. Шаттық шеңбері. «Туған жер» Төскейден жел еседі, Төбемнен бұлт көшеді. Туған жерім мен үшін, Көк майсасын төседі. Туған жерімізге қандай жақсылық жасай алатынымызды ойлап, көз алдымызға елестетіп көрейік. Ал енді көзімізді ашып, өз ойларымызбен бөлісейік. Әңгімелесу. Туған жер дегенді қалай түсінесіңдер? Әңгімелеу. Р.Әбілқалырованың « Туған жер туы» әңгімесінен үзінді оқып беру.

<p>Мысалы: <i>Айна, сен сұлусың! Марат, сен сымбаттысың! Ғалия, сенің көйлегің әдемі!</i></p> <p>Педагог балалардың қолына бірдей пішінді домалақ айна таратып береді.</p> <p>Балалар айнаға қарап тұрып, өздерінің әдеміліктерін айтып жеткізеді.</p> <p>Әліппе-дәптермен жұмыс.</p> <p>1-тапсырма. Балалар суреттегі төлдердің іс-әрекетін әңгімелейді. Төлдер туралы әңгіме жүргізіледі. Балалар өз ойларын білдіреді.</p> <p>2-тапсырма. Жануарлардың құлақтарының суреттерін салады. <i>Құлақ</i> сөзін буынға бөліреді, оған дыбыстық талдау жасатады.</p> <p>Балалар қандай дыбыс естіп тұрсындар? Балалар Қ дыбысын қайталап айтады.</p> <p>Қ дыбысының дауыссыз айтқан кезде ерін ашылып, тілдің ұшы астыңғы тістің түбіне тиеді.</p> <p>Қ – қатаң, дауыссыз дыбыс.</p> <p>3-тапсырма.</p> <p>Жаңылтпашты жаттайды.</p> <p>Балалар Қ дыбысымен танысады.</p> <p>Сергіту сәті.</p> <p>Балалар өлең жолдарын</p>	<p>әдемі құйрығы бар.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жәндік, түрлі түсті қанаттары бар, гүлге ұқсайды. • Қызыл түсті көгеніс, дөңгелек, адамдар оны салат пен борщқа салады. <p>Педагог №1 тапсырманы орындауды ұсынады.</p> <p>Біз заттарды белгілері бойынша іріктеп, артығын алып тастауды үйренеміз және оны бекітеміз.</p> <p>«Затты тап» ойыны. Ойын топпен жүргізіледі. Әр команда (топ) бір затты жасырады. Ал басқа командалардың (топтардың) мүшелері «иә» немесе «жоқ» деген жауаптар беруге болатын сұрақтар қояды.</p> <p>Өткен материалмен жұмыс.</p> <p>Жұмысты бастаудан бұрын педагог жұптарда № 2 тапсырмадағы фигуралардың реттілігін талқылауды сұрайды. Одан кейін балалар өздігінен фигуралар тізбектерін аяқтайды.</p> <p>Педагог 3-тапсырмадағы заттардың анықтамаларын оқиды, балалар суреттерді жапсырады. Содан кейін балалар жұппен жұмыс істеуді жалғастырады. Балалардың бірі затты жасырып, оның белгілерін атайды, ал екіншісі оны табады. Қорытындылап, мадақтау.</p> <p>2. Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: Ауылымызға саяхат.</p> <p>Мақсаты: Берілген тақырып аясында диалогке қатысу .</p> <p>Шаттық шеңбері</p> <p>Шуақты өміріміз күндей күліп, Жүректе бүршік атып, гүлдейді үміт. Арманға сапар тарту мүмкін емес, Жол жүру ережесін білмей тұрып.</p>			<p>әңгімесінен үзінді оқып беру.</p> <p>-Әжесі мен Асылзат туған жерге сүйіспеншіліктерін қалай білдіреді?</p> <p>-Өздерінің туған жерге деген сүйіспеншіліктерін қалай білдірер едіңдер?</p> <p>Дәптермен жұмыс.</p> <p>-Туған жерлерінің суретін салады. Ғажайып сөздер.</p> <p>-Туған жерімді сүйемін.</p> <p>-Туған жерге қамқормын.</p> <p>Жүректен жүрекке.</p> <p>Жас дәуірдің түлегіміз,</p> <p>Бау-бақша белдер,</p> <p>Орман-тау көлдер,</p> <p>Көрікті шексіз даламыз.</p> <p>Дәулеті тасқан,</p> <p>Сәулеті асқан</p> <p>Көңілді ауыл - қаламыз.</p> <p>Отанды, туған жерді қадірлеу керектігін түсіндіп қорытындылап, мадақтау.</p> <p>2. Музыка</p> <p>Тақырыбы: «Айнала ақша қар»</p> <p>Мақсаты: Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату</p> <p>Тыңдау: «Бағдаршам».</p> <p>(Н.Дүкенбаев, С.Дүкенбаев)</p> <p>Ән айту. «Бағдаршам»</p> <p>(Қ.Қайым, Ә.Табылды)</p> <p>Музыкалық ырғақты қозғалыс:</p> <p>«Айжан қыз» (Құрманғазы)</p> <p>3. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері</p> <p>Тақырыбы: Тамақтану мәдениеті</p> <p>Мақсаты: Дұрыс тамақтану ережесін білу және қолдану</p> <p>«Сәлем, досым!» жаттығуы</p> <p>Педагог балаларға бір-бірімен шынтақтарымен, тізелерімен, табандарымен, арқаларымен амандасуды</p>
---	--	--	--	--

	<p>қимылмен қайталайды. Қояным тұршы Бетінді жушы, Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы! Енді алға адымдап жүрші! 4-тапсырма. Ермексаздан Қ әрпін мүсіндетеді. 5-тапсырма. Сурет бойынша сұраққа жауап береді, әңгіме құрастырады. Күшік пен мысыққа ат қояды. Мысалы: Мойнақ, Ақмоншақ. Жұмыс дәптеріндегі тапсырманы орындатады. Енді балалар қарындашпен бастырып жазады.</p> <p>2. Музыка Тақырыбы: «Айнала ақша қар» Мақсаты: Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату Тыңдау: «Бағдаршам». (Н.Дүкенбаев, С.Дүкенбаев) Ән айту. «Бағдаршам» (Қ.Қайым, Ә.Табылды) Музыкалық ырғақты қозғалыс: «Айжан қыз» (Құрманғазы)</p> <p>3. Жаратылыстану Тақырыбы: Сезім мүшелерінің қызметі қандай? Мақсаты: Сезім мүшелерін атап, олардың қызметін білу</p>	<p>Қазақстанның ірі қалаларын ата. – Сен қай қалада тұрасың? – Қаланың бір шетінен екінші шетіне тұрақты қатынайтын қандай көліктер бар? – Бір қаладан екінші қалаға немен жетуге болады? – Ол қандай көліктер? Педагог балалардан бүгін не туралы әңгімелесетінін сұрайды. Талқылау барысында бүгінгі сабақтың тақырыбы жол жүру туралы болатынын анықтайды. Педагог балаларды Ауылға саяхат жасауға шақырады. Әліппе-дәптермен жұмыс: 1-тапсырма. Сен тұратын жерден Ауылда қандай көлікпен баруға болатынын анықта. Ойын: «Сөйлемді аяқта». Мен автобусты таңдаймын, себебі ... Мен ұшақты таңдаймын, себебі ... Мен пойызды таңдаймын, себебі ... Мен автомобильді таңдаймын, себебі ... 2-тапсырма. Суреттен нені көріп тұрсың? Олар қай қалада орналасқан? Сен олар туралы не білесің? Сергіту жаттығу 3-тапсырманы орындату.Қорытындылау, мадақтау.</p> <p>3. Сурет: Тақырыбы: «Менің сүйікті ауылым» (ұжымдық жұмыс)</p> <p>Мақсаты: Заттарды жерге, суға, аспанға қатыстылығы бойынша орналастырып, заттардың және зат бөлшектерінің пішінін, пропорцияларын, түсін есепке ала отырып, кеңістіктік арақатысын бейнелеу.</p>			<p>ұсынады. Сендер ерекше көтеріңкі көңіл күйдесіндер. Осынша күш, жігер қайдан жиналды? Кім және қалай оны қамтамасыз етті? <i>Балалар ойларын айтады.</i> Әр отбасында аналар мен әжелер әдетте өзінің жақындарына қамқор болып, оларға ерекше ықыласпен, үлкендер мен балалар үшін денсаулыққа пайдалы азық-түліктерді қолданып ас әзірлейді. Олар әзірлеген асты тауысып жеп, қамқорлығы мен еңбегіне алғысыңды білдіргенінді көру олар үшін жағымды. – Әдетте сендер аналарыңа, әжелеріңе қандай сөздер айтасындар? – «Рақмет! Өте дәмді болды!» Бұл сөздер сүйікті аналарың мен әжелерің үшін ең жақсы мақтау. – Ал тамақтанар алдында адамдар бір-біріне қандай тілек білдіреді? – Астарыңыз дәмді болсын! Ең пайдалы ас – адамның тәбетімен, ықыласымен ішкен ас. Адамның тәбетіне түрлі факторлар әсер етеді. • Уақытылы дайындалған дәмді ас; • Әдемі жайылған дастарқан; • Жағымды көңіл күй. Әліппе-дәптермен жұмыс. – Үстел басында қандай өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау керек? <i>Балалар үстел басында өзін ұстау ережелерін айтады.</i> • Үстел басына отырғанда қол таза болуы керек. • Тамақты шайнағанда сөйлеуге болмайды. Ол астың дұрыс қорытылуына көмектеседі. Шашалып қалмайсың және ауа жұтпайсың. • Тамақты ауызды толтырып асап жеуге болмайды. Тамақты ауызды жауып, дыбысын</p>
--	--	--	--	--	---

	<p>«Өтірік-ау» деменіз, Болбыр еді денеміз. Секіртпені күнде алып, Секірумен келеміз. Секіртпеге сенеміз Шымыр болды денеміз. Біз секіре береміз. Сонау Айға бір сәтте Тиеді ғой төбеміз! Педагог балалардан үлестірмелі материалдардың арасынан «сезім мүшелерін» бөліп алуды тапсырады. Өзіне айнадан қарау ұсынылады. Өмірде бәрінен де ең қымбаты – адам екеніне баса назар аударту. Өлең оқуға болады: Айнам менің асыл ғой, Тек шындықты айта ғой. Бұл әлемде ең қымбат, Бәрінен ең сымбат Кім екенін айта ғой. Көңілімді жайлай ғой! Сөйлеп кетті айнасы: Әркімге-ақ қымбат – баласы, Қолындағы данасы. Балалардан айнадан қандай сезім мүшелерін көріп тұрғандарын сұрау. <i>Жұмбақ шешкізу.</i> Жақсы-жаман нәрсенің Ол бәрін де көреді. Жақсыларын ішінен Саған айтып береді (Көз). Суретпен жұмыс. Біздің денеміз қандай сезім мүшелерінен тұрады? Балаларға сезім мүшелерінің қызметтері туралы әңгіме құрастырту. Педагог сезім мүшелерін</p>	<p>Мен құрылышы боламын, Зәулім үйлер саламын. Өз қаламды көркейтіп, Ел алғысын аламын. Педагог туған ауыл ішінде экскурсия жасауды ұсынады. Әліппе-альбомдағы материалмен жұмыс. Қуанышқа сенің ауылың несімен әйгілі екендігін айтып беріңдер. Бүгін біз қандай құралдарды пайдаланамыз? (Қарындаштар). Сергіту сәті Ұшты-ұшты көбелек, Би биледі дөңгелеп. Гүлін көріп алманың, Ағашқа қонды көбелек. Балалар өлең мәтініне қарай қимылдар жасайды. Әліппе-альбоммен жұмыс Сурет салмастан бұрын не салатындарыңды ойластырып алыңдар (саябақ, әдемі үйлер, өзен және көпір, ескерткіш, сүйікті балалар алаңы). Досыңмен ауылдың несімен әйгілі екендігін талқылаңдар. Жұмыс барысында педагог көлемді ғимараттарды салудың негізгі тәсілдерін еске салады. Ғимараттардың қабырғаларының әдетте ашық түсті болатынына назар аудартады, сондықтан бояу кезінде ашық реңк алу үшін қарындаш не борға жай басу керек. Қарындашты қағазға көлбеу, оның ұшынан қашықтау ұстау керек. Есік пен шатырды бояғанда, есіктің тұтқалары мен әшекейлерді салғанда қарындашты не борды оның ұшына жақын ұстап, қаттырақ басып салу керек.</p>			<p>шығармай шайнау керек. Дыбысын шығарып шайнау айналадағы адамдарға жағымсыз әсер етеді. • Тамақ бөліктері мен нан қоқымын жеңімен сұртуге болмайды. • Ортаға қойылған тамақты өз алдынан ғана алып жеу керек. – Ас адамға не үшін қажет, халық арасында неліктен тағам жайында мақал-мәтелдер көп таралған? Олардың мағыналарын қалай түсінуге болады? • Ас – адамның арқауы. • Ас тұрған жерде ауру болмайды. <i>Балалар адам жүгіру, күлу, секіру, ойнау, ауырмау үшін тамақтанатыны жайлы талқылайды.</i> Әліппе-дәптермен жұмыс. – Күні бойы адам қаншалықты жиі тамақтануы керек? Тамақтану тәртібі дегеніміз не? <i>Балалар Әліппе-дәптердегі суреттерді қарап, өз ойларымен бөліседі, тамақтану тәртібі жайлы талқылайды.</i> Бір уақытта тамақтану өте маңызды. Адамның ағзасы тағамды бір уақытта қабылдауға үйренеді және ағза тамақтанар уақытқа дайындала бастайды. Тәбет ашылып, тағамның толықтай қорытылуына көмектесетін арнайы асқазан сөлі бөлінеді. Тамақтану арасының ұзақтығы 3,5–4 сағатты құрайды. Адам организмі бір уақытта тамақтануға қалыптасады, мезгілі келгенде адам өзінің ашыққанын сезінеді, оның асқазанында арнайы асқазан сөлі бөлінеді. Асқазан сөлі тамақты толық қорытуға көмектеседі. Бұл адамның денсаулығы үшін аса маңызды тамақтану тәртібі. Тамақтану тәртібін сақтамау ас қорыту жүйесінің жұмысын бұзып, денсаулық үшін қауіп төндіруі мүмкін.</p>
--	---	--	--	--	--

	<p>ажырату мақсатында балаларға әр мүшенің суретін жеке көрсетіп, суретін салуға тапсырма береді (көз, құлақ, қол, мұрын т.б.). Әліппе-дәптермен жұмыс 1-тапсырма. Сезім мүшелері туралы әңгімелейді. Суреттерден көрсету.</p> <p>2-тапсырма. Сурет бойынша сезім мүшелеріне қауіп төндіретіндерді тауып, қаншалықты зиянды екенін әңгімелейді.</p> <p>3-тапсырма. Сезім мүшелерін үлгі бойынша белгілейді.</p> <p>4.В.к Ұлттық ойындар Тақырыбы: «Түйе мен бота»</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Үй жануарлар туралы балалардың білімдерін бекіту. Түйенің пайдалығы мен керектігі туралы әңгімелесу. Балаларды жылдам қозғалуға тәрбиелеу.</p>	<p>Сондай-ақ кескін мен бөлшектерін салу үшін түсі сәйкес келетін фломастерлерді қолдануға болады.</p> <p>Педагог жұмыстың топ болып жасалатынын түсіндіреді.</p> <p>Сурет қайталанбау үшін кімнің не салатынын кеңесіп алу керек.</p> <p>Балалардың жұмыстарын қарап қорытындылап,мадақтау.</p> <p>4.Орыс тілі: Тема: Моя малая Родина (город Актобе) Цель: отвечать на элементарные вопросы жестами (например, указав на предмет или картинку), словами и короткими фразами. Организационный момент. Становятся в круг. Проснулось солнышко и сладко зевнуло, Солнышко лучик к тебе протянуло, Солнышко щечку тебе поласкало, Доброго утра тебе пожелало. Работа в азбуке-тетради. Задание №1. Послушай и запомни, что есть в городе. Динамическая пауза «Наш город». Утром рано мы встаем <i>(руки вверх, опустить через стороны)</i> Город виден за окном <i>(руками показывают окно)</i> Он проснулся, он живет <i>(руки на пояс, пружинка)</i> Нас на улицу зовет <i>(ходьба на месте)</i> Мы живем, мы растем в нашем городе родном <i>(подняться на носки, руки вверх)</i> Для кого-то небольшой <i>(руками показать маленький предмет)</i> А для нас огромный <i>(круговое</i></p>			<p>– Қалай дұрыс тамақтану керек? Адамның ас үлесіне не кіруі керек? <i>Балалардың жауаптары.</i> Дұрыс тамақтану бұл: 1. Тамақтану тәртібін сақтау; 2. Тағамның неше түрлі болуы. Үлкендердің және әсіресе балалардың денсаулығы, олардың өсуі, дене және ақыл-ой дамуы тікелей тағам сапасына, қолданылатын азық-түлік түрлілігіне байланысты. – Неліктен таңғы және кешкі асқа ботқа әзірлейді, ол несімен пайдалы? <i>Балалар тамақтану ережелерін талқылайды.</i> Есте сақта: – Көшеде тамақтанба! Ол жерде тазалық ережесі сақталмайды. – Түрегеп жүріп тамақтанба! – Тамақтанар алдында тәттілерді жеме! Қорытындылау.</p> <p>4.В.к Ойнаймыз,ойлаймыз. Тақырыбы: Көңілді санамақтар Мақсаты: Жылдам санау дағдыларын ұштау.</p>
--	---	--	--	--	--

		<p><i>движение руками)</i> Пусть растет, пусть цветет <i>(пружинки)</i> Городок наш скромный <i>(руки в стороны).</i> Задание №2. Послушай диалог. О чем говорят дети? Расскажите друг другу, где вы живете. Задание № 3. Продолжи ряд. Проведи линию, не отрывая карандаш от бумаги. Пальчиковая гимнастика. Мы по городу шагаем, Много видим, называем: <i>(«шагают» пальчиками по столу)</i> Светофоры и машины, Ярмарки и магазины, Скверы, улицы, мосты, И деревья, и кусты. <i>(загибают поочередно пальчики, начиная с большого)</i></p>			
<p>Алақай ойын! Сюжетті рөлдік , қимылдық және дидактикалық ойындар</p>	<p>Дид.қ ойын: «Артығын тап.» Ойын мақсаты: Тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту. Тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту</p>	<p>Сюжетті рольді ойын «Жедел жәрдем. Емхана. Аурухана» Мақсаты: берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыру.</p>			<p>Дид. қ ойын .«Жер, су, ауа, от.» Ойын мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру</p>
<p>« Табиғатпен біргеміз» Серуенге дайындық Серуен, табиғатты бақылау, таныстыру. Ойындар еңбек</p>	<p>Серуен №5 қыстап қалатын құстарды бақылау Мақсаты :ағаштар туралы білімдерін молайту; ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру</p>	<p>Серуен №6 Аула тазалаушы еңбегін бақылау Мақсаты: Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру; Сөздік қорларын байыту; Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құмет сезіміне тәрбиелеу;</p>			<p>Серуен №7 Ауладағы ағаштарды бақылау Мақсаты: Ағаштар туралы білімдерін бекіту; Салыстыру, сараптау, қортынды жасай білулерін дамыту.</p>
<p>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</p>	<p>Бейнелеу тәсілдері бойынша түсініктерін қалыптастыру</p>	<p>10 көлеміндегі сандарды біледі оларды тура және кері санайды</p>			<p>Жазу жаттығулары</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Өткен әріптерді қайталау.</p>	<p>Ата- аналармен сұхбат. «Тәні саудың-жаны сау»</p>			<p>Өлең, тақпақтар жаттау.</p>

